

8D014 – «Жалпы дамытудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған

Багила Джумабаевна Колдасбаеваның

«Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту»

тақырыбындағы диссертацияға ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	«Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту» тақырыбында дайындалған жұмыс ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес. Өйткені зерттеудің негізгі идеясы «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасына» сәйкес орындалған. Нақтыласақ, тұжырымдамада анықталған «мамандарды даярлау жүйесі озық кадрлық қамтамасыз ету моделіне көшуі - жаңа буын мамандарын оқыту» міндетін шешуді көздейді. Зерттеу жұмысының тақырыбы 2014 жылғы бекітілген Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңына сәйкес келеді: «дене шынықтыру және спорт саласындағы кадрларды даярлау». Бұл өз кезегінде жоғары оқу орнының кадрлар даярлау мәселесінде кәсіби жетілген, шығармашыл, құзыретті, өз

			кәсібінің құндылықтары мен ұстанымдарына берік болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың бүгінгі таңдағы маңыздылығы мен қажеттілігі мемлекет тарапынан қойылып отырған міндеттер екенін айқындай түспек.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	Колдасбаева Багиланың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Дене шынықтыру және спорт саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.
2	Ғылыми маңыздылығы	2.1. Жұмыс ғылымға <u>елеулі</u> үлесін қосады.	Докторанттың зерттеу барысында алған ғылыми - тәжірибелік нәтижелері ғылымға елеулі <i>үлес қосады, оның маңыздылығы толықтай</i> ашылған. Себебі докторант отандық және шетелдік ғалым зерттеушілер еңбектерін талдау арқылы болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаған. Контент-талдау әдісін басшылыққа ала отырып, «болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылаған, диссертациялық жұмыста авторлық нұсқада берілген анықтама арқылы ғылымның терминологиялық өрісі кеңейтілгені сөзсіз. Сонымен қатар, болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделі әзірленіп, деңгейлері дәйектелді. Диссертант болашақ

			дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдістемесін әзірлеп, тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелдеген.
3.	Өзі жазу принципі	3.1. Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары.</u>	Диссертант ғылыми зерттеу жұмысын өзі жазған. Ой-пікірлері, тұжырымдары жүйелі әрі анық. Тақырыбы нақты және оның зерттелу деңгейінің жоғары, кәсіби мамандық тәжірибесінің молдығы, тікелей осы салада қызмет етуі – зерттеліп отырған тақырыбының құрылымын дұрыс құруға, соған сай мәселені анық қоя білуіне, дерек көзіне сүйене отырып, пікірін ішкі бірлікте өрбітіп мазмұн тұтастығын тұжырымдауға мүмкіндік береді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген;</u>	Диссертация өзектілігі <u>негізделген.</u> Ұсынылып отырған жұмыстың зерттеу пәні нәтижесінде Қазақстанда дене шынықтыру және спорт саласында болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту бағытындағы алғашқы жұмыстардың бірі, сол себепті теориялық және тәжірибелік тұрғыда жұмыстың өзектілігі айқын.
		4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды;</u>	Б.Колдасбаеваның диссертациялық жұмысының мазмұны «Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту» атты зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының бірінші тарауында зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық, арнайы еңбектерге теориялық талдау жасалған, мәселенің теориялық негіздері айқындалған, болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін

			<p>дамытудың моделі ұсынылған, компоненттері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталған, екінші тарауда зерттеу әдістері және зерттеуді ұйымдастырылуы қарастырылған, ал үшінші тарауда болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың диагностикасы мен әдістемесі бойынша нәтижелер ұсынылған.</p> <p>Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертацияның тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>;</p>	<p>Зерттеу жұмысына қатысты қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді және зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды.</p> <p>Диссертацияда зерттеуші төрт міндет айқындап, шешімін таба білген.</p> <p>Бірінші міндетке сәйкес болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері отандық және шетелдік ғалым зерттеушілер еңбектерін талдауымен айқындаған; екінші міндетке сай «болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланған; үшінші міндетке сәйкес болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделі әзірленген және төртінші міндетке сай болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың</p>

			әдістемесі әзірленіп, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелденген. Алынған жаңа нәтижелер докторанттың міндеттерді шешуде толық жүзеге асыра алғандығын және сенімділігін растайды.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ;	Диссертациялық жұмыстың барлық үш тарауы бір-бірімен логикалық түрде байланыста жазылған және ішкі бірлігі сақталған.
		4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдер мен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ;	Диссертант зерттеу мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді сыни талдай алған. Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту мақсатында шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектеріндегі «Акмеология, акмеологиялық әлеует, акмеологиялық құзыреттілік, акмеологиялық көзқарас» ұғымдарының мазмұндық талдауы жасалған, «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасына талдау жасалған. Зерттеу мәселесінің негізгі түйіндері модельге түсіріліп, әдістеме әзірленіп, болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту авторлық тұрғыда негізделген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1. Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> .	Зерттеу мәселесі бойынша алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. <i>Бірінші нәтиженің жаңалығы</i> диссертанттың философиялық, психологиялық-педагогикалық және

		<p>арнайы зерттеулерге талдау жасап, тәжірибені сараптап, зерттеуде басшылыққа алып, сүйенетін әдіснамалық амалдар мен ұстанымдардың айқындалуымен негізделеді.</p> <p><i>Екінші нәтиже жаңа</i>, себебі отандық және шетелдік ғалым зерттеушілер еңбектеріне талдау жасалып, «болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» ұғымының мәні, құрылымы, мазмұны нақтыланып, авторлық тұрғыда жаңа түсінікпен байытылған.</p> <p><i>Үшінші нәтиже жаңа</i>, себебі Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласында болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделі алғаш рет әзірленуінде.</p> <p><i>Төртінші нәтиже жаңа</i>, себебі болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдістемесі әзірленіп, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен дәлелденген.</p>	<p>арнайы зерттеулерге талдау жасап, тәжірибені сараптап, зерттеуде басшылыққа алып, сүйенетін әдіснамалық амалдар мен ұстанымдардың айқындалуымен негізделеді.</p> <p><i>Екінші нәтиже жаңа</i>, себебі отандық және шетелдік ғалым зерттеушілер еңбектеріне талдау жасалып, «болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» ұғымының мәні, құрылымы, мазмұны нақтыланып, авторлық тұрғыда жаңа түсінікпен байытылған.</p> <p><i>Үшінші нәтиже жаңа</i>, себебі Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласында болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделі алғаш рет әзірленуінде.</p> <p><i>Төртінші нәтиже жаңа</i>, себебі болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдістемесі әзірленіп, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен дәлелденген.</p>
	<p>5.2.Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа.</u></p>		<p>Диссертацияның қорытындылары <u>толығымен жаңа</u>. Зерттеуде орын алған теориялық тұжырымдар мен әдістемелік ұсыныстарды жоғары оқу орындары болашақ маман даярлау процесінде қолдана алады.</p>
	<p>5.3.Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа.</u></p>		<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <u>толығымен жаңа</u>. Бұл педагогикалық, психологиялық эксперименттік жұмыстар нәтижесімен, әдістеме нәтижесімен расталады.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	6.1. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative reserch және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды теориялық-әдіснамалық және әдістемелік-практикалық дәлелдемелерде негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	7.1. Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ;	Докторант Б.Д.Колдасбаева диссертациялық жұмысы бойынша төрт қағида ұсынған: Диссертацияның негізгі қағидаларының дәлелділігі зерттеу барысында алынған нәтижелердің талқыға түсуімен, сондай-ақ қорытынды жаңалықтарының әр деңгейлі конференцияларға мақалаларының жарық көруімен және ғылыми басылымдарында жариялануымен расталған. Зерттеу нәтижелерінің тәжірибеге енгізілгендігін растайтын анықтамалардың тіркелуімен дәлелденеді.
		7.2. Тривиалды ма? 2) <u>жоқ.</u>	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар өзіндік түпнұсқалық бірегей жаңашылдық сипатта болғандықтан тривиалды емес болып табылады.
		7.3. Жаңа ма? 1) <u>ия</u> ;	Диссертациялық жұмыстың қорғауға ұсынған әрбір қағидасы жаңа болып табылады, әлеуметтік, гуманитарлық, білім беру ғылымдарының өрісінде жаңа әдіснамалық негіздермен, сыни талдау тұрғысымен, эмпирикалық зерттеу жолдарымен ерекшеленген.
		7.4. Қолдану деңгейі: 3) <u>кең.</u>	Диссертациялық жұмыс барысында әзірленген болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық

			<p>әлеуетін дамытудың әдістемесі студенттердің акмеологиялық әлеуетін дамытуда қолданылу ауқымы кең.</p>
		<p>7.5. Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>;</p>	<p>Диссертацияның негізгі мазмұны мақалаларда жарияланған. Диссертацияның негізгі қағидалары 11 ғылыми еңбекте жарық көрген, соның ішінде халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференцияларда, ғылыми журналдарда, оқу- әдістемелік құралда дәлелденген.</p> <p>Бірінші қағида: -Болашақ дене шынықтыру және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың педагогикалық аспектілері.// Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. - Алматы . - 2019. - №3 (79). - С. 259-263.</p> <p>- Болашақ дене мәдениеті маманының кәсіби даярлығындағы акмеологиялық амал// Теория и методика физической культуры. - Алматы. 2020. - №3 (61). С.34-38. мақалаларында дәлелденген.</p> <p>Екінші қағида: -Ғылыми зерттеулердегі «акмеологиялық әлеует» ұғымының сипаттамасы. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Психология» сериясы. - 2020. - №3 (64). - С. 51-57</p> <p>-Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің акмеологиялық әлеуетін қалыптастырудың теориялық негізі /«Педагог кәсібилігі: Білім берудегі құзыреттілік тәсілі» атты Халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференциясы, I том, Шымкент 2019ж. -166-170 б.</p>

			<p>мақалаларда дәлелденген.</p> <p>Үшінші қағида:</p> <p>-Дене тәрбиесі мұғалімінің инновациялық іс - әрекетінде акмеологиялық әлеуетін дамыту/VII Глобальная наука и инновации 2019: Центральная Азия №2 (3).Нур - Султан, Казахстан 25 - 28 сентябрь 2019, 277-281б.б. мақала мен</p> <p>-Болашақ дене мәдениеті маманының акмеологиялық әлеуеті: мазмұны, дамыту механизмдері. Алматы, 2022.-85 бет. оқу-әдістемелік құралда дәлелденген.</p> <p>Төртінші қағида:</p> <p>-Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту бойынша эксперименттік жұмыстар/ Междунар. науч. - практич. конф. «Жамбыл Жабаев и проблемы национального воспитания в эпоху новых вызовов»- Алматы. - 2021.- С.353-356.</p> <p>-Технологии развития акмеологического потенциала будущего специалиста физической культуры и спорт/ XXI Междунар. научн. -практич. конф. «Актуальные вопросы современной науки и образования». - Пенза. -2022. - С. 30-33. мақалаларда дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі дереккөздер мен қсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1.Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u> ;	Зерттеу мәселесінің теориялық негіздері нақты айқындалған әдіснамалық тұғырлар мен қағидалардың (жүйелік тұғыр, мәдени танымдық тұғыр, синергетикалық тұғыр, аксиологиялық тұғыр, құзыреттік тұғыр және жүйелік – іс-әрекеттік қағидасы, белсенділік және дербестік қағидасы, әлеуметтік сәйкестік және ғылымилық

			қағидасы, ұжымдық және дербестік қағидасы, тәрбиелік және дамытушылық сипаттағы қағидасы) жиынтығы болып табылады.
		8.2.Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ;	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологиялар мен қолданбалы бағдарламаларды теориялық, эмпирикалық және статистикалық әдістердің кешенін қолдану арқылы алынған.</p> <p>Статистикалық өңдеудің бірнеше түрі пайдаланылған: алынған мәліметтердің ортақ көрсеткіштері шығарылған және нақты критерийлер арқылы дұрыстығы тексерілген.</p> <p>Статистикалық критерийлерді таңдамас бұрын, тестілеуден жинақталған жауаптар Microsoft Excel бағдарламасына салынған, деректер базасы құрастырылған. Артынша деректердің таралушылық заңдылығы тексерілген. Ол үшін Колмогоров – Смирнов критерийі таңдалған.</p> <p>Эксперимент нәтижелері IBM SPSS Statistics (25-нұсқа) бағдарламасымен өңделген.</p>
		8.3.Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және	<p>Б.Д.Колдасбаеваның «Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту» атты диссертациясындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмысы (анықтау, қалыптастыру және бақылау эксперимент) 2018-2023 оқу жылдарында Қазақ спорт және туризм академиясы мен К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде 5B010800 - Дене</p>

		расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ;	шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс білім алушылары қатысқандығы педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді.
		8.4. Маңызды дәлелдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер мен расталған.	Ғылыми зерттеу және әдебиеттерге шолу барысында пайдаланылған материалдар мен дереккөздеріне диссертацияда толығымен сілтемелер келтірілген.
		8.5. Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті және 237 атауды құрайды.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1. Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ;	Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар, себебі болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері отандық және шетелдік ғалым зерттеушілер еңбектерін талдауымен айқындалған.
		9.2. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ;	Диссертацияның практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Атап айтсақ: - Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдістемесі әзірленген, - «Болашақ дене мәдениеті маманының кәсіби АКМЕ негіздері» элективті курсы жасалған және тәжірибеге енгізілген; - «Кәсіби жетістік акмеологиясы» семинар практикумы әзірленген және ұйымдастырылған.

			<p>- «Болашақ дене мәдениеті маманының акмеологиялық әлеуеті: мазмұны, дамыту механизмдері» атты оқу – әдістемелік құралы әзірленген, оқу үрдісіне ендірілген.</p> <p>-«Болашақ дене мәдениеті маманының кәсіби АКМЕ негіздері» элективті курсы баспадан шығарылған және жоғары оқу орнының оқу үрдісіне пайдалануға дайын,</p> <p>- болашақ мамандарды даярлауда цифрлық ресурстар енгізілген.</p> <p>Зерттеу нәтижелері болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытуға бағытталған нақты әзірлемелер жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде және педагогикалық мамандардың біліктіліктерін жоғарылату институты (БЖИ) тәжірибелерінде пайдалануға болады.</p>
		<p>9.3. Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u></p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Әсіресе автордың болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытуға арналған 4 кредитке есептелген «Болашақ дене мәдениеті маманының кәсіби АКМЕ негіздері» атты элективті курсы (дәріс тезистері, практикалық сабақтардың жоспары, СОӨЖ студенттің оқытушымен өзіндік жұмысының тапсырмалары, СӨЖ студенттің өзіндік жұмыс тапсырмалары) және аталмыш курсты педагогикалық үрдіске еңгізуде әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында баспадан шығарылған «Болашақ дене мәдениеті маманының акмеологиялық әлеуеті: мазмұны, дамыту механизмдері» оқу-әдістемелік құралы республика</p>

			көлемінде «5B010800-Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының таңдау компонентінің элективті курсы ретінде еңгізуге толықтай дайын.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық сапасы: 1) <u>жоғары</u> ;	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Шешім: «Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы Колдасбаева Багила Джумабаевнаның 6D010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін әзірленген жұмысы өз бетінше орындалған, білікті, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, аталмыш еңбектің авторы Колдасбаева Багила Джумабаевна 6D010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
Ұлттық университетінің педагогика
Ғылымдарының кандидаты, профессор**



Марчибаева Улбосын Саметхановна

